

1. НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Құрылғымен ойнамауын қамтамасыз ету үшін балаларды қадағалау қажет.
- Пайдалану мақсаты: бұл құрылғы кофе, сүт және ыстық су негізіндегі сусындарды дайындауға арналған. Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.
- Қолданудан соң қыздыру элементінің беті ыстық күйде болады және құрылғының сырты қолдану шамасына байланысты қызуы мүмкін.
- Сүт тиетін бөліктерге ерекше назар аудара отырып, барлық құрамдас бөлшектерді мұқият тазалаңыз.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- МАҢЫЗДЫ: құрылғыны зақымдап алмас үшін оны сілтілі таратқыш қоспалармен тазаламаңыз; қажет болған жерге жұмсақ шүберек пен жұмсақ жуғыш қоспаны пайдаланыңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе қуат сымы зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.
- Алынбалы сымы бар құрылғы: қуат сымының жалғағышына немесе құрылғының артындағы ұяшыққа су шашып алмаңыз.
- МАҢЫЗДЫ: Беті шыны үлгілер: құрылғының беткі шынысы шытынаса, құрылғыны пайдаланбаңыз.

- Кофе жасағышты пайдалану кезінде шкафқа немесе ас бөлме гарнитурасына салынбауы тиіс.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамауы керек. Құрылғыны және қуат сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Құрылғы қараусыз қалатын кезде және оны құрастыру, оның бөлшектерін шешу немесе тазалау алдында оны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

Құрылғыны пайдаланбас және орнатпас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Бұл – үздік нәтижелер мен максималды қауіпсіздіктің кепілі.

2. ҚАУІПСІЗДІКЕСКЕРТУЛЕРІ



Қауіпті! Мұндай ескертуді елемеу электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен тұртпепіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз. Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды: Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



Бөліктерді немесе керек-жарақтарды ыдыс жуғыш машинада жууға болады.



Күйіп қалу қаупі бар! Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін. Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

2.1 Құрылғыны орнату



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал кофе жасағыштың үстіне 25 см бос орын қалдырыңыз.
- Кофе құрылғысына кірген су оны зақымдауы мүмкін. Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін. Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Қуат сымын қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

2.2 Құрылғыны жалғау



Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз және ол ағымдағы стандарттарға сай орнатылған болсын.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті электр маманына ауыстыртыңыз.

3. СИПАТТАМА (3-БЕТ)

3.1 Құрылғының сипаттамасы

- A1. Эспрессо кофесінің су ыдысының қақпағы
- A2. Эспрессо кофесіне арналған су ыдысының қақпағы
- A3. Хлор сүзгісін шығару тұтқасы
- A4. Хлор сүзгісін ұстатқыш
- A5. Тамшы кофеге арналған сүзгі ұстағышы
- A6. Су толтыру бөлігі
- A7. Тамшы кофені ысыту плитасы
- A8. Эспрессо кофесіне арналған кесе науасы
- A9. Тамшы науасы
- A10. Капучино жасағыш
- A11. Капучиноға арналған бу тетігі
- A12. Эспрессо кофесін ON/standby (ҚОСУ/күту режимі) қосқышы

3.2 Басқару тақтасының сипаттамасы

- B1. Шамы бар эспрессо кофесі/ыстық су түймесі
- B2. Шамы бар дәмді реттеу түймесі
- B3. "Эспрессо" ON (Қосу) шамы
- B4. Дисплей
- B5. Тамшы кофенің шамы бар ON/OFF (Қосу/өшіру) түймесі
- B6. Тамшы кофеге арналған AUTO ON (Автоматты қосу) шамы бар AUTO (автоматты бастау) түймесі
- B7. "HOUR" (Сағат) түймесі
- B8. "MIN" (Минут) түймесі
- B9. Шамы бар "1-4" кесе түймесі

3.3 Керек-жарақтар сипаттамасы

- C1. Эспрессо кофе сүзгісін ұстатқыш
- C2. Бір кесе немесе бір жастықша эспрессо кофесінің сүзгісі
- C3. Екі кесе эспрессо кофесінің сүзгісі
- C4. Басқышы бар кофе өлшеуіші
- C5. Тұрақты сүзгі
- C6. Тамшы кофеге арналған құты
- C7. Эспрессо кофесінің су ыдысына арналған су жұмсартқыш (*тек кейбір үлгілерде)
- C8. Хлор сүзгісі

3.4 Хлор сүзгісі

Бұл сүзгі судағы хлор иісін жояды. Орнату үшін мыналарды орындаңыз:

- Сүзгі ұстатқышын жоғарыға тарту арқылы корпусынан шығарыңыз (1-сурет).
- Хлор сүзгісін пластик қалтасынан шығарып, ағын сумен шайыңыз (2-сурет).
- Сүзгі ұстағышты ашып, сүзгіні 2-суретте көрсетілгендей етіп абайлап орнатыңыз.
- Сүзгі ұстатқышты жабыңыз (2-сурет) және корпусына салыңыз. Оны тірелгенше төмен итеріңіз.
- Хлор сүзгісі 80 цикл сайын және әрқашан алты айлық жұмыс сайын ауыстырылуы керек.



Ескеріңіз:

Тек түпнұсқа De'Longhi сүзгілерін ғана сатып алыңыз.

4. ҚҰРЫЛҒЫ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде барлық керек-жарақтар мен ішкі айналым жүйелері былай жуылуы тиіс:

- ТАМШЫ КОФЕ: Тартылған кофені пайдаланбай екі құты кофе құйыңыз.
- ЭСПРЕССО КОФЕСІ: Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде барлық керек-жарақтарды жуыңыз және ішкі айналым жүйелерін шайыңыз, бұл процесті кофе дайындап жатқан сияқты қадамдармен екі ыдыс су таусылғанша орындаңыз.

5. ТАМШЫ КОФЕ ДАЙЫНДАУ

5.1 Уақытты орнату

Құрылғыны розеткаға бірінші рет қосқан кезде, дисплейде 0:00 жыпылықтайды.

Уақытты орнату үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. "Сағат" түймесін (3-сурет) дисплейдегі сан көбейе бастаған сағаттар санына жеткенше кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.
2. Дисплей жыпылықтағаны тоқтағанша (шамамен 5 секунд) уақытты "сағат" түймесін қайталап басу арқылы орнатыңыз.
3. Минуттарды "min" түймесін (3-сурет) қайта-қайта басу арқылы орнатыңыз. (Минуттар арқылы жылдам жылжу үшін түймені басып тұрыңыз).
4. Уақытты орнатқан соң 5 секунд күтіңіз. Дисплей жыпылықтауын тоқтатқан кезде уақыт орнатылғаны.

Уақытты өзгерту үшін "сағат" түймесін 2 секунд басып тұрып, процедураны 2-пункттен бастап орындаңыз.

Ескеріңіз: Қуат ажырауы орын алса, бұл параметр сақталмайды.

5.2 Автоматты бастауды бағдарламалау (AUTO)

Тамшы кофе автоматты түрде дайындалатын уақытты орната аласыз.

Алдымен уақыттың дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Автоматты бастау уақытын орнату үшін (мысалы, кофе дайын болатын қалаған уақытты) мынаны орындаңыз:

1. AUTO (Автоматты) түймесін (4-сурет) шамамен 2 секунд бойы дисплейде 0:00 жыпылықтағанша басыңыз.
2. Дисплей жыпылықтағаны тоқтағанша (шамамен 5 секунд) уақытты "сағат" түймесін қайталап басу арқылы орнатыңыз.
3. Минуттарды "min" түймесін қайта-қайта басу арқылы орнатыңыз.
4. 5 секундтан соң дисплейдің жыпылықтағаны тоқтап, орнатылған уақыт сақталады.
5. Құрылғыны жоғарыда сипатталғандай бағдарламалап болған соң, кофені қалаған уақытта дайындау үшін AUTO (Автоматты) түймесін басыңыз (AUTO шамы жанады).



Ескеріңіз:

- Автоматты бастау уақытын өзгерту үшін AUTO (Автоматты) түймесін 2 секунд басып тұрып, жаңа уақытты 2-қадамда сипатталғандай орындаңыз.
- Маңызды: сол арада құрылғы тамшы кофе жасауды бастайды. Эспрессо кофесінің бөлігі іске қосылмайды.

5.3 Жылы сақтау функциясы

Тамшы кофені құйған соң ысыту плитасы белгілі бір уақыт бойы құтыдағы кофені ыстық күйде сақтау үшін қосылу қалады. Одан кейін құрылғы автоматты түрде өшеді (ON (Қосу) шамы өшеді).

Жылы күйде сақтау уақыты келесідей әр түрлі болады:

1. ON/OFF (Қосу/өшіру) түймесін (5-сурет) шамамен 2 секунд бойы дисплейде 0:30 жыпылықтағанша басыңыз.

2. HOUR (Сағат) (және MIN (Минут)) түймесін қайталап басу арқылы уақыт кезеңін өзгертіңіз.
3. 5 минут күтіңіз. Дисплей жыпылықтауын тоқтатқан кезде уақыт орнатылғаны.



Ескеріңіз:

Егер уақыт 0:00 болып орнатылса, құрылғы өшеді (уақыт кезеңін 1 минуттан 11 сағат, 59 минутқа орнатуға болады).

5.4 "1-4" кесе түймесі

Тек бірнеше кесе кофе жасағыңыз келсе, "ON/OFF" (Қосу/өшіру) түймесін басқан соң дәмді жақсарту үшін "1-4" түймесін басыңыз. Бұл мүмкіндік сүзгіге жайлап су жіберіп, тартылған кофені дәмі мен иісі жақсырақ болуы біртіндеп ылғалдап, бірегей қайнату процесін белсендіреді.

Осы функцияны іске қосу үшін, "1-4" түймесін (6-сурет) басыңыз. Түймедегі шам жанады.

Бұл функцияны ажырату үшін, осы түймені қайтадан басыңыз.

Толық құты кофе жасаған кезде бұл функцияны пайдаланбаңыз.

Бұл функцияны AUTO (Автоматты) режимде пайдалануға да болады.

5.5 Кофені тамшылатып құю әдісі

- Сүзгі ұстатқышты оңға қарай бұрау арқылы ашыңыз (7-сурет).
- Құтыны таза сумен жасағыңыз келген кофе кеселері санының деңгейіне дейін, бірақ MAX деңгейінен (8-сурет) асырмай толтырыңыз.
- Одан кейін кофе жасағыш ыдысына су құйыңыз (9-сурет).
- Сүзгі ұстатқышқа тұрақты сүзгіні енгізіңіз (10-сурет).
- Сүзгіге тартылған кофені берілген өлшеуішпен біркелкі етіп жайып салыңыз (11-сурет). Жасағыңыз келген әрбір кофе кесесі үшін бір өлшеуіш кофені (шамамен 7 грамм) пайдаланыңыз (мысалы, 10 кесе үшін 10 өлшеуіш).
- Сүзгі ұстатқышты жабыңыз және құтыны қақпағымен жауып, ысыту плитасына қойыңыз. ON/OFF (Қосу/өшіру) түймесін басыңыз. Түймедегі осы шам кофе жасағыштың жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді.
- Біраз уақыттан кейін кофе сүзіле бастайды.

Жұмыс істеп жатқан құрылғыдан бу шықса, бұл – қалыпты нәрсе.

Қайнатылған соң кофені ыстық күйінде сақтау үшін құтыны ысыту плитасына қойып, құрылғыны қосылу күйінде қалдырыңыз ("ON/OFF" (Қосу/өшіру) түймесінің шамы жанған күйде). Құтыдағы кофе тиісті температурада сақталатын болады.

- Құрылғыны өшіру үшін, ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.

6. ЭСПРЕССО КОФЕСІН ДАЙЫНДАУ

6.1 Кофе қайнату бөлігін алдын ала

қыздыру

Эспрессо кофесін тиісті температурада алу үшін, кофе құрылғысын алдын ала қыздыру керек:

1. Құрылғыны іске қосу үшін, ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін (12-сурет) басыңыз. Шам жанады.
2. Сүзгі ұстатқышқа шағын сүзгіні салыңыз (13-сурет). Сүзгідегі томпақ жердің тиісті ұяшыққа енгізілгенін тексеріңіз. Сүзгі ұстатқышты сүзгісімен бірге (14-сурет) құрылғыға кофе салмай бекітіңіз. Бір кофе жасау үшін шағын сүзгіні, ал екі кофе жасау үшін үлкен сүзгіні пайдаланыңыз.
3. Сүзгі ұстағыштың астына бір кесе қойыңыз. Сол кесені алдын ала қыздыру үшін кофе дайындау мақсатында пайдаланыңыз.
4. ☞ бағытына (15-сурет) бұраңыз. Суды шам сөнгенше құйып, құюды осы түймені басу арқылы тоқтатыңыз да, кесені босатыңыз.

(Сүзгі ұстатқышын алу барысында шағын және зиянсыз будың бұрқырауы – қалыпты нәрсе).

6.2 Тартылған кофеден эспрессо кофесін дайындау жолы

1. Құрылғыны алдыңғы тарауда сипатталғандай алдын ала қыздырған соң, бір кофе жасау үшін шағындау сүзгіні немесе екі кофе жасау үшін үлкенірек сүзгіні қолданыңыз.
2. Тек бір кофе жасау үшін, тартылған кофенің бір деңгейлік мөлшерін (шамамен 7 г) сүзгіге салыңыз. (16-сурет). Екі кофе дайындау үшін, тартылған кофенің екі өлшеуішке барынша толтырылған мөлшерін (шамамен 6+6 г) сүзгіге салыңыз. Тартылған кофенің шамадан

асып кетпеуіне жол бермес үшін, сүзгіні қатты толтырып жібермеңіз.

Маңызды:

құрылғы дұрыс жұмыс істеуі үшін, тартылған кофені сүзгі ұстағышына енгізу алдында сүзгіні алдыңғы демдеуден қалған кофе қалдықтарынан тазалаңыз.

3. Тартылған кофені бір деңгейде жайып, тығыздағышпен жайлап басыңыз (17-сурет). Жақсы эспрессо алу үшін тартылған кофені дұрыс басу маңызды болып табылады. Егер шамадан тыс бассаңыз, кофе жай құйылатын болады және көпіршік қара болады. Егер жеткіліксіз бассаңыз, кофе тым тез құйылатын болады және көпіршік жеткіліксіз және ашық түсті болады.
4. Сүзгі ұстағыштың жиегіндегі артық кофені алып тастап, құрылғыға бекітіңіз. Су ағып шығуының алдын алу үшін мықтап (14-сурет) бұраңыз.
5. Кесені немесе кеселерді (аз мөлшердегі ыстық сумен алдын ала қыздырылғаны жақсы болады) сүзгі ұстағыштың шүмектерінің астына қойыңыз (18-сурет).
6.  шамының жанып тұрғанын тексеріп (егер өшсе, ол жанғанша күтіңіз),  түймесін (15-сурет) қажетті мөлшер құйылғанша бұраңыз. Тоқтату үшін, осы түймені қайтадан басыңыз.
7. Сүзгі ұстағышты алып тастау үшін, сапты оңнан солға қарай бұраңыз.

Күйіп қалу қаупі бар

Шашыраудың алдын алу үшін, сүзгі ұстағышты құрылғы кофе құйып жатқан кезде ешқашан шығармаңыз.

8. Пайдаланылған кофені алып тастау үшін, сүзгіні сапқа бекітілген ілмекпен орнына бұғаттап, кофені сүзгі ұстағышты төңкеру және қаттырақ сілкіу арқылы алып тастаңыз (19-сурет).
9. Машинаны өшіру үшін сол жақтағы ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.

6.3 Эспрессо кофесін жастықшалар арқылы дайындау жолы

1. Құрылғыны "КОФЕ ҚАЙНАТУ БӨЛІГІН АЛДЫН АЛА ҚЫЗДЫРУ" бөлімінде көрсетілгендей, сүзгі ұстағыш бекітілгеніне көз жеткізе отырып алдын ала қыздырыңыз. Ыстығырақ кофе осылай жасалады.

Ескеріңіз:

Орамда төмендегі белгімен көрсетілген ESE стандартына сай жастықшаларды пайдаланыңыз.

ESE стандарты дегеніміз көшбасшы жастықша өндірушілері қабылдаған және эспрессо кофесін қарапайым және таза жолмен дайындауға мүмкіндік беретін жүйе.

2. Шағын бір кесені немесе ағын сүзгісін сүзгі ұстағышқа қойыңыз, сол кезде шығыңқы жер 13-суретте көрсетілгендей тиісті саңылауға енгізілгеніне көз жеткізіңіз.
3. Жастықшаны сүзгінің ортасына туралап салыңыз (20-сурет). Жастықшаны сүзгіге дұрыс бағыттау үшін жастықша бумасындағы нұсқаларды әрқашан орындаңыз.
4. Сүзгі ұстатқышты құрылғыға бекітіңіз. Оны орнына түскенше бұраңыз (14-сурет).
5. Алдыңғы бөлімдегі 5, 6 және 7-қадамдардағыдай жалғастырыңыз.

7. КАППУЧИНО ДАЙЫНДАУ ЖОЛЫ

1. Эспрессо кофесін алдыңғы бөлімдерде сипатталғандай етіп жеткілікті үлкен кеселерді пайдалану арқылы дайындаңыз.
2.  түймесін басыңыз. Тиісті шам жанады (21-сурет).
3. Сол кезде ыдысты дайындалатын әрбір капучино үшін шамамен 100 грамм сүтпен толтырыңыз. Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз.

Ескеріңіз:

Тоқазытқыш температурасындағы (шамамен 5°C) майсыздандырылған немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн.

4. Сүт құйылған ыдысты капучино жасағыштың астына қойыңыз.
5.  шамы жанғанша күтіңіз (21-сурет) Бұл шам қайнатқыш ыдыстың бу шығару үшін қолайлы температураға жеткенін көрсету үшін жанады. Қайнатқыш ыдыс қызған кезде тамшы науасына аз ғана су және бу мөлшерінің шығуы – қалыпты нәрсе.
6. Капучино жасағышты жоғары көтеріп, солға қарай бұрау арқылы шығарыңыз (22-сурет). Бұл әрекет барысында қайнатқыш ыдыстың шүмегіне қол тигізбеңіз. Сосын сүт құйылған

- ыдысты каппутино жасағыштың астына қойыңыз.
- Каппучино жасағышты сүтке (23-сурет) бірнеше миллиметрге батырыңыз. Бу тетігін  ON (Қосу) бағытына бұраңыз (24-сурет). Сүттің мөлшері одан кейін көбейе бастайды және кілегейлі көрініске айналады;
 - Сүттің мөлшері екі еселенген кезде, каппутино жасағышты тереңірек батырып, сүтті қыздыруды жалғастырыңыз. Қажетті температураға қол жеткен кезде (дұрысы – 60°C), буды бу тетігін OFF (Өшіру) бағытына бұрау және  түймесін басу арқылы тоқтатыңыз.
 - Көпіршігін сүтті бұған дейін дайындалған кофе құйылған кеселерге құйыңыз. Каппучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.

Ескеріңіз:

- Бірден астам каппутино дайындау үшін, алдымен барлық кофелерді жасап алып, соңында көпіршітілген сүтті барлық каппутинолар үшін дайындаңыз;
- Сүт көпіршіген соң кофені қайтадан жасау үшін, алдымен қайнатқыш бөлікті суытып алыңыз, әйтпесе кофе күйіп кетеді. Салқындату үшін, қайнату ыдысының шүмегінің астына бір ыдысты қойып,  түймесін (15-сурет) басыңыз және суды ОК шамы сөнгенше ағызыңыз. Түймені басыңыз және кофені алдыңғы тарауларда сипатталғандай етіп жасаңыз.

Буды ең көбі 60 секунд құйып, артынша сүтті үш реттен артық көпіршітпеу ұсынылады.

Маңызды!

Гигиеналық себептерге байланысты, каппутино жасағышты пайдаланып болған соң әрқашан тазалап отыру керек.

Мына әрекетті орындаңыз:

- Бу дөңгелегін (24-сурет) бұрау арқылы бірнеше секунд бойы (алдыңғы бөлімнің 2 және 5-пунктері) шамалы бу шығарыңыз. Бұл каппутино жасағыштың іште қалған сүт қалдығын шығаруға себеп болады. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін құрылғыны өшіру үшін басыңыз.

- Каппучино жасағыштың түтігін бір қолмен мықтап ұстап, басқа қолмен каппутино жасағышты сағат тілі бағытына қарсы бұраңыз да, тарту (25-сурет) арқылы шығарыңыз.
- Каппучино жасағыш қондырмасын төмен қарай тарту арқылы шығарып алыңыз.
- Каппучино жасағыш пен жалғау қондырмасын жылы сумен мұқият жуыңыз.
- 26-суреттегі көрсеткілермен көрсетілген екі тесіктің бітелмегенін тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
- Жалғау қондырмасын түтікке енгізу үшін жоғары қарай күштеп басу арқылы орнына салыңыз.
- Каппучино жасағышты жоғары қарай енгізіп, сағат тілі бағытымен бұрау арқылы орнына салыңыз.

8. ЫСТЫҚ СУ

- Құрылғыны іске қосу үшін ON/OFF (Қосу/өшіру) түймесін (12-сурет) басыңыз. Шам жанады.
-  шамы жанғанша күтіңіз.
- Каппучино жасағыштың астына ыдыс қойыңыз.
-  шамы жанған кезде,  түймесін (15-сурет) басыңыз және сол уақытта бу тетігін  ON (Қосу) бағытына қарсы бұраңыз (24-сурет). Каппучино жасағыштан ыстық су шығады;
- Ыстық су ағуын тоқтату үшін  түймесін қайта басып, бу тетігін OFF (Өшіру) бағытына бұраңыз.

Ыстық суды 60 секундтан артық құйып тұрмаңыз.

9. ТАЗАЛАУ

Қауіпті!

- Кофе жасағышты суға ешқашан батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы!
- Құрылғының сыртын тазаламас бұрын, оны өшіріп, розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.

9.1 Эспрессо кофесінің сүзгісін тазалау және оған техникалық қызмет көрсету

Шамамен әрбір 300 кофе сайын немесе кофе сүзгі ұстағыштан тамшылап құйылған кезде немесе мүлдем құйылмаған кезде, тартылған кофе сүзгісінің ұстағышын былай тазалаңыз:

- Сүзгіні сүзгі ұстағыштан шығарыңыз.
- Сүзгі қақпағын (27-сурет) осы қақпақтағы көрсеткімен көрсетілген бағытқа бұрап алыңыз.
- Көпірткішті пластик бөлігінен итеру арқылы ыдыстан шығарыңыз.
- Аралық тығыздағышты алып тастаңыз.
- Барлық бөлшектерін шайыңыз және металл сүзгіні щеткамен ыстық суда мұқият тазалаңыз (28-сурет). Металл сүзгідегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз (29-сурет).
- Сүзгі мен тығыздауышты пластик дискіге 30-суретте сипатталғандай қойыңыз. Инегі пластмасса дискідегі аралық тығыздағыштағы тесікке 30-суретте көрсетілген көрсеткі бағытымен енгізгеніңізге көз жеткізіңіз.
- Құрастырылған құрылғыны ыдысқа салып (31-сурет), инегі тіректегі тесікке енгізілгеніне көз жеткізіңіз (31-суреттегі көрсеткіге қараңыз).
- Соңында қақпақты бұрап салыңыз.

Жоғарыда сипатталғандай етіп тазаламау кепілдік күшін жояды.

9.2 Қайнатқыш бөлік шүмегін тазалау

Әрбір 300 кофе жасау кезеңінен кейін, эспрессо қайнатқыш бөлігінің шүмегін былай тазалап отыру керек:

- Құрылғының ыстық еместігіне және оның розеткадан ажыратылғанына көз жеткізіңіз;
- Бұрауышты пайдалану арқылы қайнату бөлігі шүмегінің сүзгісін бұрап алыңыз (32-сурет);
- Қайнатқыш бөлік шүмегін шешіп алыңыз;
- Қайнатқыш бөлікті дымқыл шүберекпен тазалаңыз (32-сурет);
- Шығыс тесік сүзгісін щеткамен ыстық суда мұқият тазалаңыз. Тесіктердің бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз (29-сурет).
- Ағын сумен және щеткамен жуыңыз.
- Ағызу шүмегін ауыстырыңыз, оның тығыздағышқа дұрыс бағытталғанына көз жеткізіңіз.

Жоғарыда сипатталғандай етіп тазаламау кепілдік күшін жояды.

9.3 Басқа тазалау операциялары

1. Қырғыш өнімдерді немесе ерітінділерді пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.

2. Сүзгі ұстағышты, сүзгілерді, тамшы науасын және су ыдысын тұрақты түрде тазалаңыз. Тамшы науасын босату үшін кеселер науасының торын шығарып, судан босатыңыз және торды шүберекпен сүртіп, орнына қайта салыңыз.



Қауіпті!

Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы.

10. ҚАҚ ТАЗАЛАУ

10.1 Эспрессо құрылғысының қағын тазалау

Біз кофе жасағыштың қағын шамамен 200 кофе жасалған сайын тазалауды ұсынамыз. Сатып алуға болатын De'Longhi қақ тазалағышын пайдалану ұсынылады.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. Су жұмсартқышты (егер болса) алып, ыдысты орамдағы көрсеткіштерге қарап сумен еріту арқылы алынған қақ тазалау ерітіндісімен толтырыңыз.
2. Құрылғыны іске қосу үшін, ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін (12-сурет) басыңыз. ON (Қосу) шамы жанады.
3. Сүзгі ұстағыш бекітілмегенін тексеріңіз және капучино жасағыштың астына ыдыс қойыңыз;
4. ☐/☒ түймесін басыңыз және ыдысқа ерітіндінің шамамен 1/4 бөлігін құйыңыз. Белгілі бір уақыт аралықтарында капучинодан су құю үшін бу дөңгелегін бұраңыз. ☐/☒ түймесін басу арқылы құюды тоқтатып, ерітіндіні 5 минутқа қалдырыңыз;
5. Ыдыс босағанға дейін 4-бөлімді тағы 3 рет қайталаңыз;
6. Қақ тазалау ерітіндісінің қалдықтарын кетіру үшін, су ыдысын жақсылап шайыңыз және таза сумен толтырыңыз (қақ тазалағыш ерітіндісі қосылмаған сумен);
7. ☐/☒ түймесін (15-сурет) басыңыз және ыдыс босағанша су ағызыңыз;
8. 6 және 7-қадамдарды қайталаңыз.

Жоғарыда сипатталғандай етіп тазаламау кепілдік күшін жояды.

10.2 Тамшы кофе құрылғысының қағын тазалау

Уақыт өте келе су құрамындағы кальций кофе жасағыштың тиімділігін нашарлата отырып, кедергі жасауы мүмкін. Әрбір 40 кофе жасау циклінен

кейін кофе жасағыштың қағын тазалап отыру ұсынылады. Қақ тазалау үшін, әрқашан тамшылап кофе құю құрылғылары үшін сатып алуға болатын арнайы қақ тазалау өнімдерін пайдаланыңыз.

1. Өнімді құты ішінде ерітіп, қақ тазартқыш орамындағы нұсқауларды орындаңыз;
2. Хлор сүзгісін алып, ерітіндіні ыдысқа құйыңыз;
3. Құттыны жылыту плитасына қойыңыз;
4. ON/OFF түймесін басыңыз, бір кеседей мөлшердегі сұйықтықты құйып, құрылғыны өшіріңіз;
5. Ерітіндіні 15 минутқа жұмыс істетіп қойыңыз да, осы операцияны 4-5 рет қайталаңыз.
6. Құрылғыны іске қосып, суды ыдыс толығымен босағанша шығарыңыз.
7. Құрылғыны сумен жұмыс істету арқылы кемінде тек 3 рет (толық 3 ыдыс су) шайыңыз.



Маңызды!

Тамшы кофе құрылғысының қағын тазаламасаңыз, ұзақ уақыт пайдаланған соң, ON/OFF (Қосу/Өшіру) шамы (B5) жыпылықтайды және одан әрі тамшы кофе жасай алмайсыз. Мұндай жағдай орын алса, құрылғыны розеткадан суырып, қайта қосыңыз да, тиісті бөлімде сипатталғандай әдіспен дереу екі шаю циклін

11. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

ҰхДхБ өлшемі: 371 x 282 (немесе 369) x 324 мм

Қысым: 15 бар

"Эспрессо" қайнату ыдысы: Тот баспайтын болат

"Эспрессо" су ыдысының сыйымдылығы: 1,2 Л

Тамшы кофе су ыдысы сыйымдылығы: 1,4 Л

Сым ұзындығы: 1200 мм

Салмағы: 6,2 кг



Бұл құрылғы тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтарға қатысты Еуропаның 1935/2004 ережесіне сай.

12. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз

Үлгі: "

Кернеу: "

Жиілік: "

Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап кершілікті және импортер:

"Делонги" ЖШҚ

127055 Ресей, Мәскеу қ,

Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC

13. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген.

Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Эспрессо кофесі құйылмайды	Ыдыста су жоқ	Ыдысты сумен толтырыңыз
	Сүзгі ұстағыштағы тесіктер бітелген	Сүзгі ұстағыш шүмегіндегі тесіктерді тазалаңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	"9.2 Қайнатқыш шүмегін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Эспрессо сүзгісі бітеліп қалған	"9.1 Эспрессо кофесінің сүзгісін тазалау және оған техникалық қызмет көрсету" бөлімінде сипатталғандай тазалаңыз.
	Су айналу жүйесіне қақ жиналған	"10.1 Эспрессо құрылғысын қақтан тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
Эспрессо кофесі тесіктердің орнына сүзгі ұстатқыштың жиектерінен тамшылайды	Ыдыс орнына дұрыс салынбаған және оның түбіндегі клапан ашық емес	Астыңғы клапанды ашу үшін ыдысты жайлап басып салыңыз
	Сүзгі ұстатқыш дұрыс салынбағын	Сүзгі ұстатқышты дұрыс бекітіңіз және жеткен жеріне дейін бұраңыз.
	Эспрессо қайнатқыш бөлігінің толтырмасының созылмалы қасиеті жоғалған	Эспрессо қайнату бөлігінің тығыздағышын тұтынушыларға қызмет көрсету орнына ауыстыртыңыз
Сорғы өте шулы	Сүзгі ұстағыштағы шүмектерінің тесіктері бітелген	Шүмек тесіктерін тазалаңыз
	Су ыдысы бос	Су ыдысын толтыру
	Су ыдысы орнына дұрыс салынбаған және оның түбіндегі клапан ашық емес	Астыңғы клапанды ашу үшін ыдысты жайлап басып салыңыз

Эспрессо кофесі салқын.	Кофе қосқышы басылған кезде эспрессоның ОК шамы жанбады	Эспрессоның ОК шамы жанғанша күтіңіз
	Құрылғы алдын ала қыздырылмаған.	"6.1 Кофе құрылғысын алдын ала қыздыру" бөлімінде сипатталғандай алдын ала қыздырыңыз
	Кеселер алдын ала қыздырылмаған	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы алдын ала ысытыңыз
	Су айналу жүйесінің қағын тазалау	"10.1 Эспрессо құрылғысын қақтан тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
Эспрессо кофесінің кілегейі ақшыл түсті (кофе шүмектен тым тез ағызылған)	Тартылған кофе жеткілікті тығыздалып басылмаған	Тартылған кофені төмен қарай көбірек басыңыз (18-сурет)
	Тартылған кофе жеткіліксіз	Кофе мөлшерін арттыру
	Тартылған кофе тым ірі	Эспрессо құрылғылары үшін тек тартылған кофені пайдаланыңыз
	Тартылған кофенің дұрыс емес түрі пайдаланылып жатыр	Басқа тартылған кофе түрін пайдаланыңыз
Кофе кілегейі тым қоңыр (ол шүмектен тым жай ағады)	Тартылған кофе өте қатты тығыздалған	Кофені азырақ тығыздаңыз
	Тартылған кофе өте көп	Тартылған кофе мөлшерін азайтыңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	"9.2 Қайнатқыш шүмегін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Тартылған кофе тым майда немесе ылғалды	Тек эспрессо кофесін жасау құрылғыларына арналған тартылған кофе пайдаланыңыз және оның ылғал емес екенін тексеріңіз
	Тартылған кофенің дұрыс емес түрі пайдаланылып жатыр	Басқа тартылған кофе түрін пайдаланыңыз
Сүзгі ұстатқыш құрылғыға бекітілмейді	Сүзгідегі кофе мөлшері тым көп	Берілген өлшеуішті пайдаланыңыз және дайындау түріне сай сүзгі түрін пайдаланып жатқаныңызға көз жеткізіңіз

Каппучино жасау барысында сүт көпіршігі жасалмайды	Сүт онша салқын емес	Ж а р т ы л а й майсыздандырылған сүтті әрқашан тоңазытқыш т е м п е р а т у р а с ы н д а пайдаланыңыз
	Каппучино жасағыш кірлеген	Каппучино жасағыштағы тесіктерді әсіресе 26-суретте көрсетілгендей етіп тазалаңыз.
Кофенің дәмі қышқылтым	Қақ тазалаудан соң дұрыс шайылмаған	Қақ тазалаған соң құрылғыны "10.1 Эспрессо құрылғысының қағын тазалау" немесе "10.2 Тамшы кофе құрылғысының қағын тазалау" бөлімінде көрсетілгендей етіп шайыңыз
Тамшылап құйылатын кофені сүзуге ұзақ уақыт кетеді	Тамшы кофе құрылғысының қағын тазалау	"10.2 Тамшы кофе құрылғысын қақтан тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
ON/OFF (Қосу/Өшіру) шамы (B5) жыпылықтайды да, тамшы кофе жасалмайды	Тамшы кофе құрылғысының қағы көрсетілгендей жиі тазаланбаған	Құрылғыны розеткадан суырып, қайта қосыңыз. Қақ тазалау процедурасы кемінде екі рет орындаңыз ("10.2 Тамшы кофе құрылғысының қағын тазалау" бөлімін қараңыз).